



**Автор:** БРАЛИНА ТАҢШОЛПАН ТАҢАТХАНҚЫЗЫ

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Талқылаймыз және бағдарламаны жасаймыз

**Тақырып:** Scratch ойын программалау ортасы

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | • Scratch ойын программалау ортасы туралы білімдерін еске түсіру, қайталау. • Программалау ортасында берілген операторларды қолдана отырып тәжірибеде қолдану.                                                                                                                                                                                                                              |
| Сабақтың мақсаты:                             | Барлық оқушылар: • Әр блоктың командаларымен және оның қызметтерін еске түсіреді; Оқушылардың басым бөлігі: • Біліп үйренгендерін еске, түсіріп берілген тапсырмаларды орындау. Кейбір оқушылар: • Түсінеді, талдайды, білімін қолданады: әр блоктың командаларымен жұмыс жасайды. • Білімін жинақтайды, рефлексия жасайды: блок командаларына берілген тапсырмаларды практикада орындайды. |
| Тілдік мақсаттар:                             | Scratch-скретч-скретч Programm-программа-программа Блок-блок-block                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Бағалау критерийлері:                         | Түсіну Әр блоктың командалары және олардың қызметтерін түсіндіреді. Қолдану Блок командаларына берілген тапсырмаларды практикада қолдана біледі Бағалау Өзін-өзі бағалайды, өзара бағалайды, өзге топты бағалайды                                                                                                                                                                           |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | «LearningApps», интербелсенді тақта, компьютер, презентация.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Пәнаралық байланыс:                           | Бейнелеу өнері, ағылшын                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Бастапқы білім:                               | Менің алғашқы программ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері       | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Ресурстар                                                                                                                    |
|-----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақтың басы (7 мин) | 1.Білім алушылармен амандасу, түгендеу. Сәлеметсіздерме балалар! Көңіл-күйлеріңіз қалай? Сыныпта жағымды ахуал орнату үшін «Ыстық алақан» ұйымдастыру. Оқушылар жұптасып, бір-бірімен алақандарын түйістіреді де, жұбына жылы лебізін білдіріп, жағымды сөздер айтады. Түрлі түсті «Puzzle» қималарындағы жазуды құрау арқылы топтың атын тауып орындарына отырады. I топ «Спрайт» II топ «Айнымалылар блогы» III топ «Блоктар палитрасы». 2.Өткенді қайталау. LearningApps бағдарламасын пайдалана отырып, оқушылар сөзжұмбақты шешеді.<br>2.Өткенді қайталау. LearningApps бағдарламасын пайдалана отырып, оқушылар сөзжұмбақты шешеді. | «Puzzle» қималары<br><a href="https://learningapps.org/watch?v=pyn3navta19">https://learningapps.org/watch?v=pyn3navta19</a> |

| Сабақкезеңдері              | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Ресурстар                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-----------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақтың ортасы<br>(28 мин) | <p>3. Жаңа тақырып: Бейне жазба. «Scratch бағдарламалау ортасы» Мақсат: жаңа тақырып бойынша берілген бейне жазбаны өздігінен игеру, өзін-өзі оқыту және өзара оқытуды жүзеге асыру.</p> <p>4. Топтық жұмыс: «Постер қорғау». Мақсат: Scratch бағдарламалау ортасын түсіну, спрайт, айнымалылар болгы, блоктар палитрасы ұғымын анықтау және тәжірибелік сабақта қолдану.</p> <p>5. Жеке жұмыс: Мақсат: Scratch ойын программалау ортасымен жұмыс жасауды үйренеді. Біліп үйренгендерін қолданып, практикалық түрде берілген тапсырмаларды орындайды.</p> <p>6. Жұптық жұмыс «Сәйкестендіру» Мақсат: LearningApps бағдарламасында компьютерде оқушылар жұппен отырып сәйкесін табады. Сипаттамасы: Компьютерде оқушылар жұппен отырып әр блоктың командаларымен және олардың қызметтерімен сәйкестендіреді. Блоктармен жұмыс жасайды.</p> | <p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=CXFUpr4atMU">https://www.youtube.com/watch?v=CXFUpr4atMU</a></p> <p>Scratch программалау бағдарламасы</p> <p><a href="https://learningapps.org/watch?v=p2xb4hyx519">https://learningapps.org/watch?v=p2xb4hyx519</a></p> |
| Сабақтың соңы<br>(2 мин)    | Бағалау критерийлерін еске түсіріп, бүгінгі сабақты оқушылар қаншалықты түсінгенін сұрақтар арқылы сұрау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Рефлексия<br>(3 мин)        | <p>Үш минуттық үзіліс арқылы оқушылар сабақта алған білімдерін карточкаларға жазады. Үш минуттық үзіліс арқылы оқушылар сабақта алған білімдерін карточкаларға жазады.</p> <p>Үйге тапсырмасы: 21 параграф оқу</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                      |